

БҰҰ-НЫҢ НӘСІЛДІК КЕМСІТУШІЛІКТІ ЖОЮ КОМИТЕТІ

Сахидулла Дәурен Маратұлы , Еспол Ерқайрат Маханбетұлы

Dsakhidulla@mail.ru , espolov00@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ

Нұр-Сұлтан , Қазақстан

Аннотация

Мақалада қазіргі әлемдегі адам құқығын барынша дөрекі және жаппай түрде бұзу болып табылатын нәсілдік кемсітушілікті жою комитеті қарастырылған. Миллиондаған адамдар оқшаулықтан, кедейшіліктен, қатыгез әрекеттерден зардап шегуде және тіптен өздерінің сенімдері немесе өздерінің кім болып табылатындықтары немесе оларды кім ретінде санайтындықтары үшін зорлық көруде.

Аннотация

В статье рассматривается комитет по ликвидации расовой дискриминации, который является наиболее грубым и массовым нарушением прав человека в современном мире. Миллионы людей страдают от изоляции, бедности, жестокости и даже испытывают насилие за свою веру или за то, кто они являются или кто их считает.

Annotation

The article deals with the Committee on the elimination of racial discrimination, which is the most gross and massive violation of human rights in the modern world. Millions of people suffer from isolation, poverty, cruelty, and even violence for their faith or for who they are or who believes them.

Кілтсөздер : Адам құқықтары, нәсілдік кемсітушілік, БҰҰ

Ключевые слова: расовая дискриминация, права человека, ООН

Keywords: racial discrimination, human rights, UN

БҰҰ-ның Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет адам құқықтары жөніндегі бірінші шарттық орган. Ол 1970 жылы нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияның ережелеріне сәйкес құрылды. Мүшелік және жұмысты ұйымдастыру комитеттің мүшелері 18 сарапшылардан тұрады. Комитет мүшелері жеке сапада болады және жоғары моральдық қасиеттерге және әділдікке ие болуға тиіс. Сарапшыларды Конвенцияға қатысушы мемлекеттер өз азаматтары арасынан сайлайды. Әрбір мемлекет бір кандидатты ұсынуға құқылы. Сайлау кезінде өркениеттің әр түрлі нысандарының, сондай-ақ басты құқықтық жүйелердің әділ географиялық бөлінуі мен өкілдігі ескеріледі. Сайлау екі жылда бір рет өткізілетін Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің отырысында тікелей жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімде жүзеге

асырылады. Әрбір отырыста тоғыз сарапшы сайланады. Жыл сайын БҰҰ Бас хатшысы арқылы Комитет Бас Ассамблеяға өз қызметі туралы баяндаманы ұсынады. Комитеттің сессиялары, әдетте, Женевадағы БҰҰ бөлімшесінде жылына екі рет өтеді. Қазіргі уақытта әрбір ұзақтығы төрт апта. 2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша 79 сессия өткізілді. Комитет процедураның жеке ережелерін белгілейді және лауазымды адамдарды - төрағаны, үш орынбасарды және баяндамашыны - екі жыл мерзімге сайлайды. Бұдан басқа, Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің жекелеген қорытынды ескертулер мен ұсынымдарды имплементациялау жөніндегі шараларды қабылдауын бақылау үшін тағайындалатын келесі іс - қимылдар бойынша үйлестіруші лауазымы бар. БҰҰ Бас хатшысы Комитеттің жұмысын техникалық қамтамасыз етеді.

Комитет Конвенцияға қатысушы мемлекеттер екі жылда бір рет және Комитеттің талабы бойынша ұсынуға міндетті мерзімді баяндамаларды қарайды. Іс жүзінде, алайда. Комитет әдетте бірнеше есепті кезеңдер үшін жиынтық баяндамаларды ұсынуды сұрайды және оларды төрт - алты жылда бір рет қарайды. Комитеттің мерзімдік баяндамаларды қарау тәжірибесі басқа шарттық органдардың практикасымен дерлік сәйкес келеді. Әрбір есеп беретін ел бойынша баяндамашы тағайындалады; баяндама мен баламалы ақпарат негізінде алдын ала сұрақтардың тізімі тұжырымдалады. Мүдделі мемлекеттің баяндамалары мен жауаптарын қарау сарапшылармен Интерактивті диалог арқылы өтеді. Қарау қорытындылары бойынша қорытынды ескертулер мен ұсынымдар жасалады, олар одан кейін есеп беретін мемлекетке жіберіледі және жарияланады. Комитет оның пікірі бойынша жедел орындауды талап ететін ұсыныстар бойынша ақпаратты жеке ұсынуды сұрата алады.

Комитет Конвенцияға қатысушы мемлекеттерден келіп түскен баяндамалар мен ақпаратты зерделеуге негізделетін ұсыныстар мен жалпы ұсынымдар жасай алады. Мұндай ұсыныстар мен жалпы ұсынымдар, егер бар болса, Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің ескертулерімен бірге Бас Ассамблеяға хабарланады. Нәсілдік және этникалық кемсітушілік жағдайлары күнделікті орын алып отырады, нәсілдік пен төзімсіздік, жекелеген тұлғаларды негіз қалаушы қағидалар мен кемсітпеу құқықтарынан айырып және этникалық жек көрушілікті тұтандыруға ықпал ете отырып, адамдар мен қауымдастықтардың өмірін бұзады.

БҰҰ-ның шарттық органдарының ОА елдеріне қатысты халықаралық құжаттары мен нұсқаулары

2001 жылғы Нәсілдікке қарсы күрес бойынша Бүкіл әлемдік конференцияда нәсілдікке қарсы күрес, нәсілдік кемсітушілік, ксено - фобия (үргелектік) және олармен байланысты төзімсіздік бойынша анағұрлым ықпалды және жан-жақты бағдарлама – Дурбанск декларациясы және Әрекеттер бағдарламасы қабылданған болатын. 2009 жылдың сәуірінде Дурбанск үдерісіне шолу бойынша Конференцияда нәсілдікке қарсы күрес бойынша қол жеткен нәтижелер талқыланды және қатысушылар алда әлі де көп нәрсе жасау керек деген шешімге келді. Конференциядағы күмән тудырмайтын ең ірі жетістік – нәсілдікке қарсы күрес бойынша халықаралық міндеттеме қайта қалпына келген еді.

Нәсілшілдік

Нәсілшілдік адамның құқығы және міндеті белгілі сипаттар бойынша шектелуі. Нәсілшілдік бұл – бір адамның екінші бір адамды тек оның діні, шыққан елі және терісінің басқа түсте бо- луына байланысты кемсітіп, қорлап әділетсіз қарауы.

Наурыздың 21-і Халықаралық нәсілдік кемсітушілікті жою үшін күрес күні болып табылады. Бұл күн БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы қазанның 26-сындағы ХХІ сессиясының шешімі бойынша атап өтіледі. 1960 жылғы осы күні Шарпевиле қаласында (Оңтүстік Африка) ОАР-да африкалықтарды міндетті түрде төлқұжаттандыру мақсатындағы апартеид режимінің заңдарына қарсы наразылық бейбіт шеруін өткізу барысында полицейлер тұрғындарға оқ атып, 69 адам қаза тапқан. 1966 жылы осы күнді жария ете отырып, Бас Ассамблея халықаралық қоғамдастықты нәсілшілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою мақсатында екі есе күш жұмылдыруға шақырды. Осы ата- улы күнге орай, наурыздың 21-і мен 27-сі аралығында әлемнің әр елдерінде нәсілшілдік пен нәсілдік кемсітушілікке қарсы күресуші халықтармен ынтымақтастық апталығы өтіп тұрады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы нәсілшілдікке және нәсілдік кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі іс-қимылдың бірінші онжылдығы бағдарламасы аясында 1979 жылғы наурыздың 21-інен (34/24 қарар) барлық мемлекеттерді нәсілшілдікке және нәсілдік кемсітушілікке қарсы күресуші халықтармен ынтымақтастық апталығын атап өтуге шақырды. Уикипедия мәліметі бойынша, қазіргі кезеңдегі демократиялық қозғалыстар арасында нәсілдік кемсітушілікті жоюға арналған бағыттар бар. Яғни, қазіргі уақытта мынандай демократиялық қозғалыстар бар: Халық бұқарасының дүниежүзілік соғысқа қарсы күресі. Жаңа экономикалық тәртіп орнату жолындағы қозғалыстар

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Халықаралық Конвенция қатысушы-мемлекеттердің міндеттемелерін анықтайды

а) нәсілдік үстемдікке немесе жек көрушілікке негізделген идеяларды түрліше тарату, сонымен қатар кез келген нәсілге немесе түр-түсі немесе этникалық тегі өзгеше бір топ адамдарға қарсы бағытталған барлық зорлық пен арандатушылық актілері, сонымен қатар нәсілдік іс-әрекетті өткізуге, оның ішінде қаржыландыруды қоса алғанда, кез келген көмек түрін ұсыну заң бойынша жазаланатын қылмыс деп жариялау;

б) нәсілдік кемсітушілікті және оған арандатушылықты көтермелейтін ұйымдарды, сонымен қатар ұйымдасқан және басқа да уағыздаушы іс-әрекеттерді заңға қарсы деп жариялау және осындай ұйымдарға немесе осындай іс-әрекеттерге қатысуды заңмен жазаланатын қылмыс ретінде мойындау;

с) ұлттық немесе мемлекеттік жергілікті билік органдарына нәсілдік кемсітушілікті немесе оған арандатушылықты көтермелеуге рұқсат етпеу (Конвенцияның 4-бабы).

Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет өзінің жалпы тәртіптегі ескертулерінде гендерлік саланы былайша атап өтті:

Нәсілдік кемсітушіліктің кейбір нысандары жыныстық тегі салдарынан әйелдерге қарсы бағытталуы мүмкін, мысалы, нақты нәсілдік немесе этникалық топқа тиесілі әйелдерге, қамаудағы әйелдерге қатысты немесе қарулы кикілжіңнің барысындағы сексуалдық зорлық; жергілікті халықтар қатарындағы әйелдерді мәжбүрлі түрде ұрықсыздандыру; бейресми секторда немесе үй қызметкері ретінде қызмет ететін әйелдерге қатысты өздерін жалдаған шетелдіктер терапынан асыра пайдаланушылық.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі комитет өзінің соңғы ескертулерінде Қазақстанға өзінің мазасыздығын білдірді, себебі мемлекет барлық саладағы кемсітушілікті болдырмау мен жол бермеу үшін бәрін сыйдыратын, жекелеп алғанда, нәсілдік белгілері мен этникалық тегі бойынша тікелей және сол сияқты жанама кемсітушілікті қамтитын заңды қабылдамады, бұл нәсілдік кемсітушілік құрбандарының әділ сот органдарына қол жеткізуін қиындатады. Комитет Қазақстанға нәсілдік кемсітушілік құрбандарының әділ сот органдарына және құқықтық қорғау құралдарына шын мәнінде қол жеткізе алуларын қамтамасыз ету мақсатында, кемсітушіліктің тікелей және жанама түрлерінің анықтамаларын қоса алғанда, бәрін сыйдыратын кемсітушілікке қарсы заңнаманы қабылдау үшін бар күшін салуды жалғастыруға нұсқау жасады. Комитет сондай-ақ, халықтың, жекелеп алғанда, азшылықтар арасында кемсітушіліктің не екені және нәсілдік кемсітушілікке ұшырайтын адамдар үшін құқықтық қорғау құралдары туралы тиісті ақпаратты таратуға өтініш жасады

Тәжікстандағы Комитет елде нәсілдік кемсітушілікке арандатушылық пен нәсілдік мотивтер бойынша зорлық актілері үшін қылмыстық жауапкершіліктің қарастырылмағанына өзінің өкінішін білдірді және нәсілдік кемсітушілікке қарсы күрес үшін өз заңнамасын қайтақарауға ұсыныс жасады НКЖК-ның ережелері нәсілдік кемсітушілік туралы істерді қарастыру кезінде соттармен тікелей пайдаланылуы мүмкін, бұл тәжірибеде

Остракизм, бұл – қуғындау, сілтеме; қуу, аластау.

Қазақстан бүгінде Орталық Азияның жетекші мемлекеті атанып отыр. Ол баделге ие болу – еліміздің БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ТМД, АӨІСШК, ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ сияқты ұйымдардағы белсенді жұмысының жеңісі. Бұл, әрине, Қазақстанның бірлігі жарасқан ел екендігінің айғағы, яғни мұндай түсініктеме қалыптасқан ел өзінен-өзі нәсілдік

кемсітушіліктен ада екендігін дәлелдеп тұр. Бұл әрине ең алдымен бейбіт, ынтымақ, бірлік сияқты ұғымдарға келіп саяды. Өзара төзушілік пен өзара құрмет – біздің қоғамымыздың айырықша белгісі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы көпұлтты мемлекетте замандастарымыз бен болашақ ұрпақтың лайықты өмірін қамтамасыз ететін мығым азаматтық әлем мен ұлтаралық келісімнің негізі. Ата заңымыз нәсілдік кемсітушілікке жол бермеудің мықты қамалы. Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау бұл құқықты жүзеге асыруда ұлтына, тегіне, дініне, нәсіліне қарап ажырату емес жалпыға бірдей қарау сияқты басымдықтар бірінші орында тұр. Бұл Конституцияның бірінші бөлімі толығымен азаматқа, оның құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне арналғанынан көрінеді. Конституцияда одан кейінгі орынды «Адам және азамат» бөлімі иеленеді. Бұл әрине еліміздің Ата заңынан бастап нәсілдік кемсітушілікке қарсы екендігін айғақтайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында адам, адам өмірі, құқығы мен бостандығы жоғары бағаланады. Конституция мәтінінде ұлт туралы ешқандай түсінік жоқ, тек «халық», «адам», «азамат», «әркім» түрінде кездеседі. Ал Конституцияның 14-бабында «тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де жағдайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» – деп көрсетілген.

Міне, осындай басымдықтар мен мемлекеттік деңгейдегі іс- шаралар нәсілдік кемсітушілікті жойып отыр.

Қазақстанға жасаған сапарында Иоанн Павел II: «Ұлы дала төсіндегі бейбітшілік пен келісім мені таң қалдырып және көпұлтты мемлекетте де тыныштықты сақтауға болатынын дәлелдеп отыр», – деп пікір білдірген

XXI ғасыр басында Жаңа Тәуелсіз Мемлекеттердің мемлекеттілігі даусыз факт ретінде болды, сондықтан бұл мемлекеттер үшін Адам құқықтары туралы Халықаралық Билльде көр- сетілген адам құқықтарын толық жүзеге асыру мәселесі туды. Адам құқықтары туралы Халықаралық Билльге бес құжат жатады: Адам құқығы туралы Жалпы Декларациясы (1948 жылы 10 желтоқсанда Бас Ассамблеяның 217А (III) қарарымен қабылданып жарияланған); Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт (1966 жылы 16 желтоқсанда Бас Ассамблея 2200 А(III) қарарымен қабылданып, қол қою мен ратификациялауға, қосылуға ашылған); Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт және оған Факультативті Хаттама (1966 жылы 16 желтоқсанда Бас Ассамблея 2200 А (XXI) қарарымен қабылданып, қол қою мен ратификациялауға, қосылуға ашылған); Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіге өлім жазасын алып тастауға бағытталған Екінші Факультативті Хаттама (1989 жылы 15 желтоқсанда 82 пленарлық отырыста қабылданған).

Егер мемлекет осы барлық халықаралық құжаттарды ресми мақұлдап, ұлттық заңнамаларды осыларға сәйкестендірсе ғана адам құқықтары туралы билль тиімді жұмыс істейтін болады. Содан келіп нәсілдік кемсітушіліктен де толықтай құтыла алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гумилев Л.Н. Этносфера. История людей и история природы. – М.: Экопрос, 1993. – 544 с.
2. Гуль А.К. Соотношение международного и внутригосударственного права в практике стран Ближнего Востока (например Ливана, Сирии и Израиля): 1988. – 16 с.
3. Правовая система социализма: в 2-х кн. / редкол.: В.Н. Кудрявцев и др.; Ин-т гос-ва и права АН СССР. – М.: Юрид. лит., 1986. – Т.2. – 326 с.
4. Толковый словарь русского языка конца XX века. Языковые изменения / под ред. Г.Н. Складневской. РАН, Институт лингвистических исследований. – Спб.: Изд-во «Фолио-Пресс», 1998. – 702 с.
5. Токаева А. Не имей сто рублей, а имей сто друзей, или Во сколько республике обходится членство в международных организациях//Экспресс К. – 2003, 6 июня.
6. Какой это труд – выпускать газету!//Юридическая газета. – 2003, 25 июня.

7. Вступительное слово Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на открытии Евразийского экономического саммита//Казахстанская правда. – 2000, 27 апреля.